

- 3 Mustambauly Y. *Djymabaev i "Devánosto" //Sovetskaia step, 1929, 24-maia.*
- 4 Mustambauly Y. *Syn men baspasóz týraly //Eńbekshi qazaq, 1928, 12-shilde.*
- 5 Mustambauly Y. *Türkistan – Sibir joly //Eńbekshi qazaq, 1929, 26-aprel.*
- 6 Mustambauly Y. *N.G.Chernyshevsku (1828-1889), //Eńbekshi qazaq, 1928, 26-noiabr.*
- 7 Mustambauly Y. *Uly aqyn – Abai //Qazaq tili, 1924, 1-qańtar.*
- 8 Mustambauly Y. *Abai //Jańa ádebiyet, 1928, – №7-8. - jýrnal*
- 9 Mustambauly Y. *Aqyn Abai jáne pálsapashyl Ilias týraly //Eńbekshi qazaq, 1929, 10,11-qańtar.*
- 10 *Qabylyly I. Filosofia kazahskogo poeta Abaia i ee kritika //Eńbekshi qazaq, 10-sentábr 2022 j.*

МРНТИ 16.21.33

10.51889/5407.2022.90.54.004

* Турдалиева Э.Д.,¹ Ақынова Ж.М.²

^{1,2} *Логистика және көлік академиясы, Алматы, Қазақстан*
^{1,2} *педагогика ғылымдарының магистрі, сеньор лектор,*
e-mail: turdalieva_e@mail.ru, akinova_01@mail.ru

АВТОР БЕЙНЕСІН ЖАСАУДАҒЫ ЭКСПРЕССИВТІ- ЭМОЦИОНАЛДЫ ЛЕКСИКАНЫҢ РОЛІ (Д.ИСАБЕКОВ ПЕН Ш.АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа

Бұл мақалада тілде кездесетін көптеген құралдар эмоционалды-экспрессивті ақпаратты беру тәсілі болып табылатындығы туралы айтылады. Олардың зерттелу тарихын ірі ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жүйелей келе, Д. Исабеков пен Ш.Айтматов шығармаларын салыстыра отырып талдау көрсетіледі және шығарма авторларының қалауы бойынша қолданылған әртүрлі эмоционалды-экспрессивті құралдарды қолдану шеберлігін, оқырман жүрегіне жол табу ерекшелігі мен ұсастықтарын зерттейді. Тілдің үш түрлі негізгі қызметі бар дейтін болсақ, оның негізгі басты қызметі – адамзаттың қатынас құралы қызметін атқару, екіншісі – заттардың атауы болу, үшіншісі – адамның ішкі сезімін, айналасында болып жатқан құбылысқа айтушының не жазушының көзқарасын білдіру.

Эмоция субъективтік қасиетке ие, өйткені ол баға берумен тығыз байланысты. Жаман мен жақсы, қуаныш пен қайғы, күлкі мен жылау, қарғыс пен алғыс, рахат пен азап т.б. сияқты түсініктер объективті дүниедегі заттар мен құбылыстардың табиғатына салыстыра баға берумен пайда болады.

Эмоционалды -экспрессивті лексика кез-келген әдеби шығарманың авторы мен кейіпкерлерінің құнды эмоционалдық маңызды қарым-қатынасын білдіретіндіктен, оның әдеби шығармадағы ролі оқырманға да, зерттеушіге үлкен қызығушылық тудырады.

Түйін сөздер: эмоция, экспрессия, салыстыру, лингвистика, автор идеясы, оқиға желісі, әлеуметтік орта, экспрессивті бояу, эмотивті компонент.

* Турдалиева Э.Д.,¹ Акынова Ж.М.²

^{1,2}Академия логистики и транспорта, Алматы, Казахстан
^{1,2}магистр педагогических наук, сеньор лектор,
e-mail: turdalieva_e@mail.ru, akinova_01@mail.ru

РОЛЬ ЭКСПРЕССИВНО-ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ В СОЗДАНИИ ОБРАЗА АВТОРА (ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ Д. ИСАБЕКОВА И Ш. АЙТМАТОВА)

Аннотация

В этой статье говорится, что многие инструменты, встречающиеся в языке, являются способом передачи эмоционально-выразительной информации. Систематизируя историю их изучения, опираясь на труды крупных ученых, демонстрируется сравнительный анализ произведений Д. Исабекова и Ш. Айтматова и исследуется мастерство использования различных эмоционально-выразительных средств, применяемых по усмотрению авторов произведения, специфика и тонкости поиска пути к сердцу читателя. Когда мы говорим, что язык выполняет три разные основные функции, его основная функция – выполнять функцию средства общения человечества, Вторая – быть названием вещей, а третья – выражать внутреннее чувство человека, отношение рассказчика или писателя к происходящему вокруг явлению.

Эмоция обладает субъективным свойством, так как тесно связана с оценкой. Такие понятия, как плохое и хорошее, радость и печаль, смех и плач, проклятие и благодарность, удовольствие и боль и т. д., возникают при сопоставительной оценке природы предметов и явлений в объективном мире.

Поскольку эмоционально-экспрессивная лексика выражает ценностно эмоционально значимые отношения автора и героев любого литературного произведения, ее роль в литературном произведении представляет большой интерес как для читателя, так и для исследователя.

Ключевые слова: эмоция, экспрессия, сравнение, лингвистика, идея автора, сюжетная линия, социальная среда, экспрессивная окраска, эмотивный компонент.

* Turdalieva E.D.,¹ Akynova Zh.M.²

^{1,2}Academy of Logistics and Transport, Almaty, Kazakhstan
^{1,2}Master of Pedagogical Sciences, senior lecturer,
e-mail: turdalieva_e@mail.ru, akinova_01@mail.ru

THE ROLE OF EXPRESSIVE AND EMOTIONAL VOCABULARY IN CREATING THE IMAGE OF THE AUTHOR (BASED ON THE WORKS OF D. ISABEKOVA AND SH. AITMATOV)

Abstract

This article says that many of the tools founded in language are a way of conveying emotionally expressive information. Systematizing the history of their study, relying on the works of major scientists, a comparative analysis of the works of D. Isabekov and Sh. Aitmatov and explores the skill of using various emotional and expressive means used at the discretion of the authors of the work, the specifics and subtlety of finding a way to the reader's heart. When we say

that language performs three different basic functions, its main function is to serve as a means of communication for humanity, the second is the name of things, and the third is the expression of a person's inner feelings, the attitude of the narrator or writer to the phenomenon happening around him.

Emotion has a subjective property, that's why it is closely related to evaluation. Concepts such as evil and good, joy and sadness, laughter and crying, cursing and gratitude, pleasure and suffering, etc., arise when comparing the nature of objects and phenomena in the objective world.

As emotionally expressive lexis expresses the valuable emotionally significant relationship between the author and the characters of any literary work, its role in a literary work is of great interest to both the reader and the researcher.

Key words: emotion, expression, comparison, linguistics, author's idea, storyline, social environment, expressive coloring, emotive component.

Кіріспе. Көркем шығарма – көп қабаттан құралатын күрделі құбылыс. Автордың дүниетанымы, ой-қиялы, өмірлік тәжірибесі, тілдік қабілеті арқылы жүзеге асқан идеясының арқасында көркем шығарма оқырман жүрегіне жетеді. «Автор – кейіпкер – оқырман» жүйесінің тұтасуы арқылы жазушы ойы үлкен шығармаға айналады.

Автор – идеяның иесі, оқиғаны құрастырушы, оқырманға туындыны жеткізуші. Сонымен қатар ол – кейіпкерлерді оқиға заманына апарып, түрлі қимыл-әрекеттермен сипаттап, оқиға желісімен өмір сүруге ықпалын тигізетін тұлға. Автор өз идеясын кейіпкерлердің сөзі арқылы жүзеге асырады.

Қай халықта болсын тілдің негізгі қызметі коммуникативтік функция бола тура сөйлеуші не жазған кісінің әңгіме болып жатқан мәселеге көзқарасын, эмоционалды қатынасын қоса жеткізеді. Бұл заңдылық қазақ тілі лексикасының әрі күрделі, әрі кең ауқымды екенін көрсетеді. Сонымен қазақ тілі лексикасы үлкен екі топқа бөлінеді: Эмоционалды-экспрессивті лексика; белгілі стильге тән лексика.

Сөйлеушінің не жазған кісінің көзқарас, пікірінің түріне қарай экспрессивті бояулы сөздер жағымды және жағымсыз белгілерді аңғартатын сөздер болып екіге бөлінеді. Эмоционалды-экспрессивті бояулы сөздер адамның көңіл күйіне қуаныш-қайғысына, психикалық процеске байланысты айтылады. Орыс лингвистикасындағы эмоционалды бірліктерді зерттеуге келетін болсақ, орыс лингвистикасындағы экспрессивтілік пен эмоционалдылық мәселесі ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарында болғаны белгілі. Эмоция – тіл білімінің ғана емес, басқа ғылым салаларымен де байланысып жататын кең ұғым.

Тілдің үш түрлі негізгі қызметі бар дейтін болсақ, оның негізгі басты қызметі – адамзаттың қатынас құралы қызметін атқару, екіншісі – заттардың атауы болу, үшіншісі – адамның ішкі сезімін, айналасында болып жатқан құбылысқа айтушының не жазушының көзқарасын білдіру.

Эмоция субъективтік қасиетке ие, өйткені ол баға берумен тығыз байланысты. Жаман мен жақсы, қуаныш пен қайғы, күлкі мен жылау, қарғыс пен алғыс, рахат пен азап т.б. сияқты түсініктер объективті дүниедегі заттар мен құбылыстардың табиғатына салыстыра баға берумен пайда болады.

Талқылау. Жұмыстың теориялық негізі ретінде белгілі ғалым филологтардың пікірлері мен зерттелген ғылыми еңбектерге сүйендік.

Психолог, эмоциялар психологиясының маманы, тұлғаның эмоционалды бағыты тұжырымдамасын жасаушы Б.И.Додонов, көркем сөздің прагматикасы туралы еңбек жазған Э.С.Азнаурова, лингвист, филология ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Ғылым академиясының академигі Д.Н.Шмелев, Кеңестік психолог, философ, педагог және ғылымды ұйымдастырушы және жалпы психология мәселелерімен және психологиялық зерттеу әдістемесімен айналысушы. А.Н.Леонтьев т.б. ғалымдар эмоция

мен экспрессивтілікке қатысты көптеген пікір айтқан.

Бұндағы алғашқы зерттелулердің бірі ретінде кеңестік лингвист және әдебиеттанушы, академик В.В.Виноградовтың «Русский язык» атты еңбегін атауға болады. Ғылым аталмыш сөздерді мағыналық жағынан: тек грамматикалық және лексикалық мағына деп бөледі. Сөздер әлеуметтік ортада қолданыс табуына байланысты олардың экспрессивті бояуы болады. Сөздің көмегімен сөйлеуші қандай да бір затқа, құбылысқа, өзінің бағасын береді. Қандай да бір жағдайда сөзбен берілген бағаны ғалым-экспрессиялық сөздер деп атайды. Зерттеуші Г.Клаус өзінің “Сила слова” атты зерттеу еңбегінде сөздің тілдегі қызметін саралай келе мынадай ой айтады: “Сөз тек түсіну құралы ғана емес. Тілдік белгілер, сондай-ақ, тыңдаушының қызығушылығын арттырып, әңгімеге белсенді араласуына ықпал етеді. [2,22]

Автор шығармасында өзінің эмоциясын да әр түрлі сипатта аңғартып, байқатып отырады.

Әзербайжан тілшісі Т.А.Эфендиева: “Эмоционалдық пен экспрессивтілік жеке дара категориялар, бірақ экспрессивтілікке қарағанда эмоционалдық өзінің семантикасына қарай әрі экспрессивті” – дей отырып, эмоционалды – экспрессивті лексиканы екі топқа бөліп қарастырады: жағымды экспрессивті бояулы эмоционалды лексика;

жағымсыз экспрессивті бояулы эмоционалды лексика. [3,45]

Ғылыми зерттеу еңбектерде экспрессия мен эмоция әр түрлі сипатта қарастырылады. “Тілдегі эмоция көрінісі әрқашан экспрессивті, ал экспрессия үнемі эмоционалды бола бермейді. Экспрессивті лексиканың затқа, құбылысқа деген қатынасты белгілейтін, сондай-ақ сөздің заттық-логикалық мәнінің әр түрлі эмоциялар деп қарауға болатын қосымша реңдерін көрсететін бөлігі ғана эмоционалды болып табылады”.

Эмоция мен экспрессивтілік жөніндегі ғылымдағы пікірлерге мән берсек, мұндай пікірлерді тек тіл біліміне қатысты емес, барлық сала мамандарының еңбектерінен кездестіруге болады.

Ал аталмыш тақырыпқа арналған ғылыми еңбектердің ішіндегі ең қомақтысы – профессор Е.М.Галкина-Федоруктің “Тілдегі эмоционалдық пен экспрессивтілік туралы” деген мақаласы. [4,26]

Орыс ғалымы В.М.Шаховский тілдегі жалпы эмоционалды сөздер коннотативтілікке тән деген жаңаша пікір ұсынды. Эмотивті компонент коннотацияның семантикалық өзегі болып табылады, ал эмоция әрқашанда бағалы және экспрессивті болады. Бағалы және экспрессивті компоненттер тегінде коннотативті ғана болмайды, олар денотацияның компоненттері бола алады. Себебі тіл біліміндегі эмоционалды сөздер әрқашанда экспрессивті болады деген көзқарастар бар.

1960 жылдары эмоционалды, экспрессивті сөздер кең ауқымда зерттеле бастады. Эмоционалды-бағалы реңктердің мағынасын теориялық тұрғыдан түсіндіріп, жіктеуде В.И. Безруковтың, эмоционалдылықты, экспрессивтілікті анықтауда, сондай-ақ сөз мағынасынан заттық-ұғым мен эмоционалды-бағалылықтың араларының байланысын аңғартуда Л.А.Киселеваның, атауыш сөздердің эмоционалдығы мен экспрессивтілігіне ең алғаш рет назар аударғандардың бірі ретінде Е.Ф.Петришеваның еңбектерін атауға болады.

Тіл ғылымының ірі мамандарының бірі саналатын академик В.В.Виноградовтың стилистикаға қатысты лингвистикалық еңбектерінде тілдік экспрессияның рең, бояуларына, олардың әр түрлі жанр мен сөз стилінде әр алуан көрініс табуына қарай жалпы шолу жасай келіп, мынадай ой айтады: «Экспрессивті құбылыстың амал-тәсілі сияқты маңызды мәселе бізде өз алдына зерттелген жоқ». [1,52]

Түркологияда бұл тақырыптың зерттелуі 50-жылдардан бастау алады десе де болады.

Осы тақырыптың әр түрлі аспектілеріне арналған бірнеше арнаулы еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, О.С.Ахманованың “Сөздің стилистикалық дифференциясы” атты мақаласында, Т.А.Эфендиеваның “Қазіргі әзірбайжан тілінің лексикалық стилистикасы” атты ғылыми диссертациясында, М.Лихановтың “Якут тіліндегі эмоционалды - бағалауыштық және экспрессивті сөздерге” арналған диссертациясында эмоционалды-экспрессивті лексикаға әр түрлі баға беріліп, әр қилы тұжырымдар жасалған. Қазақ тілінің көрнекті өкілдері І.К.Кеңесбаев, Н.Т.Сауранбаев, М.Б.Балақаев, Ұ.Ұ.Мұсабаев, Ә.Т.Қайдаровтың еңбектерінде эмоционалды, экспрессивтілік, ондағы лексика-семантикалық бірліктер мен жасалу тәсілдері жайлы салмақты пікірлер айтылған.

Ал, Х.М.Нұрмұқановтың «М.Әуезовтың драмалық шығармаларындағы эмоционалды-экспрессивті лексика» атты диссертациясында аталмыш тақырып жан-жақты, біршама жүйелі түрде зерттеліп, ғылыми тұжырымдар жасалған.[6,28] Ал А.Ұ.Сембаева «Көркем шығармадағы эмоционалды-экспрессивті лексика» тақырыбында диссертация қорғады. [7,29]

Шыңғыс Айтматов туралы – Қырғыз Республикасында да, шетелдерде де – көптеген кітаптар, мақалалар, диссертациялар жазылды және жазылуда. Оның барлық шығармалары дерлік зерттелген.

1998 жылы Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Бакашева Ж.К. өзінің «Художественное мастерство Чингиза Айтматова» деген докторлық диссертациясын жазды. Онда ол Ш. Айтматовтың шығармаларының стильдік ерекшеліктерінде метафора мен салыстыруды қолданудың шығармашылық тәжірибесін зерделеп, автордың интеллектуалдық биіктігі мен әдеби тілді қолданудағы зергерлік шеберлігін, ұлттық психологияны қайта құрудағы жаңашылдығын талдап көрсетті.

2007 жылы Исаева Ж.К. «Диалог в произведениях Ч. Айтматова (когнитивный аспект)» деген тақырыпта кандидаттық жұмыс қорғап шықты. Ш.Айтматов шығармаларының авторы мен кейіпкерлерінің сөйлеу мінез-құлқының кейбір аспектілерін қарастыру барысында Ш.Айтматов шығармаларының тілдік тұлғасы, оның ойлауы мен дүниетанымының ерекшеліктері, Ш. Айтматовтың шығармаларындағы диалогтың құрылымы мен "толықтығы" көптеген түрлі факторларға байланысты бола келе, өз кезегінде ауызекі сөйлеудің дамуымен тығыз байланысты деген қорытынды жасады.

Д.Исабековтің шығармаларына арнайы зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін атай кетсек, 2004 жылы Канафина М.А. «Проблема творческой индивидуальности Д.Исабекова» деген тақырыпта кандидаттық жұмыс жазды және онда Д. Исабеков шығармаларының лексикалық құралдарының әр түрлі екендігі, ең алдымен, жазушы шығармаларға үлкен реалистік сенімділік беретін көптеген ұлттық сөздер мен сөз тіркестерін қолданатындығы туралы айтылды. 2008 жылы Таңжарықова А.В. «Д. Исабеков прозасының көркемдік әлемі» деген тақырыпта кандидаттық жұмыс қорғады. Бұл жұмыста Д. Исабеков прозасының ерекшелігі айқындалып, қаламгердің шеберлік қырлары, шығармаларындағы кейіпкердің ішкі психологиялық иірімдерінің көріну формалары зерделенді.

Зерттеу жұмыстарында біз Д.Исабеков және Ш.Айтматов шығармаларының эмоционалды-экспрессивті сөздерді жасау қабілетіне ерекше тоқталып, сол арқылы аталған алып жазушылардың эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолдану шеберлігіне лайықты тілдік тұжырымдар жасауды жөн көрдік. Атап айтқанда, Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесі, «Боранды бекет» романы, «Құс жолы» хикаяты, «Жәмилә» повесі және «Ғасырдан да ұзақ күн» «Шынарым менің, шырайлым менің» романдарынан үзінділер келтірілді. Д. Исабековтің «Ай - Петри ақиқаты» повестер мен

әңгімелер, «Қарғын» романы және таңдамалы әңгімелер жинағын талдау, топтастыру, салыстыру және жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін логикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің мақсаты – Д.Исабеков және Ш.Айтматов шығармаларында кейіпкерлердің мінез құлқын ашуда қолданылған экспрессивті эмоционалды лексиканың ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау.

Жұмыста аталған жазушылардың әдеби қазынасын молынан пайдалана отырып, олардың көркемдік тіл ерекшеліктері тұрғысынан ашып таныту мақсатында төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді:

Бейнелі салыстыру – екі түрлі нәрсені қызықты түрде салыстыратын көркем сөз. Салыстырудың мақсаты – оқырман немесе тыңдаушы санасында қызықты байланысты ояту. Салыстыру – бейнелі тілдің кең тараған түрлерінің бірі тұрғысынан зерттеліп, олардың қолдану аясы, тақырыптық топтары қарастырылды.

Шығармадағы - экспрессивті эмоционалды лексиканың көркемдік ерекшеліктері, бейнелік көріністері талданды.

Экспрессивті-эмоционалды лексиканың арнайы зерттелуі лексикалық мағынаның құрамын зерделеуге бағыт береді. Соған орай, аумақтық тұрғыдан қатар жатқан екі елдің тарихи даму үрдісінің сәйкестігін, өзара тарихи-мәдени тығыз араласуын не болмаса өзара көршілестігінің нәтижесінде қалыптасуын анықтау тіл білімі үшін маңызды болмақ.

Нәтижелер. Эмоция сөзінің төркіні – латын тіліндегі “e” етістігі. Бұл орыс тіліндегі “возбуждать, волновать (әсерлендіру, толқыту) деген ұғымды білдіреді. [5,46]

Д.Исабековтің де, Ш.Айтматовтың да туындыларында экспрессия-эмоция туғызатын авторлық баяндаулар мол кездеседі. Әрі осының өзінен көбінесе авторлардың өзіндік көзқарастары мен өзіндік ойлары айқын көрініс табады.

Зерттеудің мақсаты қазақ және қырғыз көркем прозасындағы майталман жазушылардың эмоционалды экспрессивті лексиканы қолдану ерекшеліктерін салыстыра отырып зерттеу арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау.

Қай тілдің болмасын көркем де оралымды, бай қорын құрғақ сөзбен айту бар да, оны көркем шығармада пайдалану, іс жүзінде көрсету бар. Тек қана ол сөздерді орынды жерінде орынды пайдаланған жазушы оқырман көңілінен шықса керек. Адамның ішіндегі толып жатқан психологиялық арпалысты табиғатпен салыстыра отырып беру Д.Исабеков және Ш.Айтматов шығармаларына да тән.

Бірақ Ш. Айтматовтың шығармашылығының арнайы зерттеуді қажет ететін тұстары әлі де аз емес дей келе, «Шынарым менің, шырайлым менің» повесінен эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданысына көз жүгіртейік.

- 1) – Япыр-ау! Осы адамды қайдан көріп едім? [18,97]
- 2) Пенжегі иығынан сусып түсіп кетті, шынтағына ілініп тұр. [18,103]
- 3) – Әй, сен! деп айқайлады маған қраншы. [18,112]
- 4) – Әй, Жантай қайдасың? [18,131]
- 5) – Әй, Илияс-ай ...[18,133]
- 6) – Жә, ештеңе етпес! [18,135]
- 7) – Әлібек те жүріп келе жатып әлдекімге өршелене сөйледі. [18,144]
- 8) – Жолдастарым маған ажырая қарайды. [18,146]
- 9) – Айналайын аға-ай! Өлтіреді екен бұлар! Айналайын, ағай!. [10,216]

Кейіпкерлердің таңдануы, құмандануы, ашу мен ызасы, күйінуі және артынша сабырға келуі, яғни жағымды және жағымсыз эмоциялардың барлығы айна қатесіз жеткізіліп тұр.

Ал енді Д. Исабековтің шығармаларына келсек:

«Оңбаған, жер жыртуды әлі үйретемін мен саған, - депті.

-Әй, бригадир болмақ түгілі, құдай болсаң да, әлгі сөзіңді қайталап айтсаң, айтпады деме, *сойып саламын*, - дейді Шойкең.

-Сен кімді соясың, мына мені ме? Кімге шамаң келеді, *оңбаған Шойынқұлақ!* -деп анау өзеурейді. Онда Шойынқұлақты бәріміз де Алданыш деп шыға атымен атайтынбыз. «*Оңбаған Шойынқұлақ*» деген сөзді алғаш есіткен ол, бригадирге бүркіттей төніп:

-Әй, не дедің? Қайта айтшы! - дейді.

-Несі бар? *Оңбаған Шойынқұлақсың!* -дейді анау қайталап. Бірақ айтарын айтса да, түрі бұзылып кеткен Шойынқұлақтан сескеніп, атына міне салып қашпақ болады. Шойынқұлақ оны жұлып алады да, біраз мыжып-мыжып, ерге теріс қарай отырғызып, шылбырмен әбден шаншиды да, қалтасындағы темекіден атының құйрығына құйып, жүгенін сыпырып қоя береді» [14,9]

Бұл үзіндіде жазушы кейіпкерді сипаттау мақсатында *Алданыш* есімді ерге *Шойынқұлақ* деген лақап ат беріп, оны дәрекі «оңбаған» сөзімен тіркестіреді. Мұндай сөздер «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесінде де жиі ұшырасады:

«Иесін көрген соң есіріктене түскен төбетті «Жат, *этәңә нәлет*» деп, жәшік ұясына қуып тығып, «Ойбай-ау, кірсеңші. Әбдешім бригад құсап қораның сыртынан айғайлап тұрғаның қалай? Үй-ішің аман ба? Ой, *аузыңды ұрайын!*» – деп жалбақтап қуанып қалады»;

–Өшір! Осы *иттің баласы-ақ* өлтіретін болды-ау адамды, – деді сонау Киевтегі баласын кінәлап»;

– Қап, қап мына *қызталақты-ай*, ә?

–Ақсақал, боқтамай сөйлеңіз.

–Боқтағаны несі, кім сені боқтаған?

– Сіз боқтадыңыз. Ол сөзіңіз үшін жауап бересіз» [14,263]

Жоғарыда келтірілген мысалдардан ауылдың қарапайым, аңғал адамдарының боямасыз бейнесі көрінеді. Автор кейіпкерлерді *оңбаған, этәңә нәлет, аузыңды ұрайын, иттің баласы, қызталақ* сияқты бейәдеби тілдік бірліктермен сөйлету арқылы олардың ішкі сезімін, адуынды тұлғасын, қатты ашу-ызасын әсерлі, шынайы жеткізеді.

Авторлардың тілдік қолданысында бұдан басқа *әттің құрғыр, көргенсіз, боқмұрын, енеңді ұрайын, есалаң, оттама, иттің күшігі* сияқты дәрекі сөздер көптеп кездеседі. Жазушының бұл тіркестерді пайдаланудағы негізгі мақсаты – оларды экспрессив (эмоциялық бояуы күшті, әсерлі сөз) ретінде қолдану болса керек. Дәрекі сөздерді көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдарының қатарына жатқызып жүрген ғалым С.Бизақов тіліміздегі қарғыс, зеку, ескертпе жасау, кею мен кекесін, лағынет пен назалану, боқтау, ғайбаттау мәнді сөздерді жинақтай келе: «Ғайбаттау – жеке адамның, белгілі бір топтың жақсы қасиеттерін көре алмаушылықтан туындайтын ашу-ыза мен қызғаныш сезімінің жағымсыз көрінісі. Балағаттауға адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіздікпен, анайы түрде кемсіту жатады» деп тұжырым жасайды [22,270]

Д.Исабековтің «Өкпек жолаушы» әңгімесінен келесі мысалдарға көз жүгіртейік:

«Еңсені басып апшыны қуырған қарашаның суық жаңбыры екі күннен бері толассыз жауып тұр. Әуелгіде азынаған желін ала келіп, ашулы басталып еді. Бірер сағаттан соң арыны басылып, шаршамайтын баяу сарынға көшіп алды да, асфальт жамылған абыр-сабыр қаланы момақан да мүсәпір кейіпке түсіріп кетті. Өлмей шаруасы бітпейтін көшедегі ағылған адамдар да сиреп, жылы үйлерінен бас шығаруа жиреніп, тым-тырыс жатыр.

Алдағы күндердің бұдан да ауыр боларын ойлап, сары ала жапырақтар сары уайым құшағында үнсіз тұр.» [14,263]

Бұл арада автор, табиғат пен адам арасындағы нәзік байланыстың бар екенін көз алдымызға елестетіп айшықтай көрсетеді. Психологиялық иірімге толы адам жанының қасіреті мен қайғысы Дулат шығармаларында былай жазылады:

«Қыстың қақаған шағы. Облыс орталығынан тым шалғайда жатқан кішкентай ауылдың еңсесі түсіп сұлық жатыр.

Желсіз тымырсық аяз. Жатаған үйлердің мыртық мұржаларынан тіршілік белгісін білдіріп, қисық түтін будақтай көтеріледі.

Соғыс кезеңінің иықтан езген жадау да жабырқау көрінісінен адамдардың да еңсесі түсіңкі.

Бірақ баланың аты қашан да бала. Олар ішерге тамақ, киерге киім болмаса да, бейғам күлкіге дайын тұрады.

Жамау-жасқау, олпы-солпы киінген жеті-сегіз бала қаннен-қаперсіз сырғанақ теуіп жүр. Жыртық етік, шолақ тон, кең шалбар, тозған малақайлардың көрмесі осы балалардың үстінде.

Бірақ олар өте көңілді. Олардың күлкілеріне қарап бұл өңірге соғыс зардабы тимегендей, немесе әлдеқашан бейбітшілік орнағандай еді». [14,63]

Қыс мезгілі, суық екендігіне, соғыс мезгілі екендігіне қарамастан балалардың мойымайтын, шаршамайтын, бала барлық уақытта бала болып қалатындығына көз жеткізуге тырысады. Осы үзінді де қос сөздердің мол шоғырының қолдануы сөйлемге көрік беріп қана қоймай, балалардың мінез-құлқының ашылуына да септігін тигізіп тұр. Осындағы «көрме» сөзі былай қарап отырсаң артық тұрған сияқты. Бірақ үзіндідегі барлық сөйлемдердің жүгін бір өзі көтеріп тұрғандығын, Д. Исабековтың осы сөзге салмақ салып отырғандығын байқауға болады. Сондықтан да осы сөзді алып тастап көретін болсақ берілетін эмоция мен экспрессия өзгереді. Яғни сөз мағыналарының түрлі реңі мен мағынасын айтайын деген ойға сәйкес жұмсай алу автордың тіл құдіретін терең түсінетіндігімен ғана түсіндіріле алады.

Ал Ш.Айтматовта адам мен табиғат арасындағы экспрессиялық эмоциялық сезімдердің берілуінің көрінісіне көз жүгіртейік, мысалы:

– Сонау қырық екінші жылдың қысында бізді Магнитогорскінің құрылысына апарғаны әлі есімде...

– Құдай сақтасын, қара терге түстік. Көзге түртсе көргісіз, тастай қараңғы, желдің күштілігі сондай машинаның рулін жұлып кететін түрі бар.

Мына боранда әйнек тазалағыштан қайран жоқ. Терезе, фар дегенді қар басып қалды. Енді кабинадан басыңды шығарып айдауға тура келді. Одан жүріс өнуші ме еді? Қар болса одан сайын күшейді...

Жігіттерде қорқыныш пайда болды. Қарлы боран апшыны қуырып барады... [11,252-255]

«Ақ кеме» әңгімесінде адам мен қоғам, адам мен табиғат мәселелері бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылғаны айқын көрінеді. Қақаған қыс, адуынды желдің күші, қарлы боран барлығы қосылып, соғыс жылдарындағы адамдар басынан кешірген ауыртпалықты аша, айқындай түсіп, эмоционалды экспрессивті мағынасын үдетіп тұр.

Ауыл адамдарының қауырт, ауыр да қарбалас тіршілігі келесі үзіндіден де анық көрінеді.

«Сол күні кешке таман ойда-жоқта сонау көкпен таласқан құз- шыңдардан қатты жел – Сантастың желі соға бастады. Жел құйын көтерген жапырақтар орман үстінде күмбездей боп таулап шырқай тартып сонау қарлы шыңдарға барып шашылып жатты. Көзді ашып- жұмғанша ауа райының мына өзгерісі естен тандырды. Өне-міне дегенше қар да құйып берді. Жаңағы жапырақ жапқан әлем енді түтеген ақ түтекке айналды. Орман теңселіп, өзен булықты. Орай соққан қар бораны жал - жал болып жатып қалды.

Әйтеуір жанталасып жүріп малдарды қораға тығып ауланың ішіндегілерді жинастырып, үйге отын кіргізіп алуға жұрт зорға үлгірді. Содан кейін үйден шығудың өзіне зар боп қалды. Мынадай аласапыранда аттап басу оңай ма?» [11,249]

Осы әңгімелерде оқиғаны суреттеу үшін қыс мезгілінің таңдап алынуының өзі кездейсоқ емес. Себебі адамдардың басына түскен ауыртпалықты тек қана қыс мезгілінің беретін қиындығымен салыстырып отырып қана беруге болады. Осындай үзінділер оқырманның сезіміне ерекше әсер қалдырады.

Осы сөйлемдер арқылы авторлар адам мен табиғат арасындағы белгісіз бірлікті паш етеді.

Тіл, көркем сөз табиғатының өзі ауыспалы мағыналарда қолдану арқылы жаңа сөздер жасауға, оның негізінде бір сөзді бірнеше мағынасында қолдануға бейім болып келеді. Бұл қарастырылып отырған эмоциональды-экспрессивтілік немесе әсерлі әрлі сөздерге қатысты, олардың өзіндік ерекшеліктері.

Жоғарыда келтірілген оқиғалардың бәріне авторлар үшінші жақтан қосылып, үшінші жақтан әңгімелеп отырады. Егер мұны көп жағдайда эпикалық кең тынысты шығармаға тән құбылыс деп есептейтін болсақ, Д.Исабеков өз шығармаларында баяндаудың мұндай түрлерін қысқа шығармаларында да ұтымды пайдалан білген. Бұл туралы Б.Шалабай Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке” романындағы автор бейнесінің тілдік көрінісі” деп аталатын мақаласында былай деп жазады: “автор оқиғаны үшінші жақта эпикалық туындыға тән объективті тұрғыдан баяндайды. Ол оқиғаны өрбитін мекен мен кейіпкерлердің ішіне кірмей, алыстан, белгілі бір нүктеден қарап таныстырады [9,11]

Ал Ш.Айтматовта, адамдар арасындағы қарым-қатынас эмоционалды-экспрессивті бояуы бар ұлттық сөйлеу этикеті қаратпа сөздермен беріледі. Қаратпа сөздер кез-келген көркем шығармада сөйлеу этикетінің өзіне тән элементтері болып табылады. Бұл сөздерді басқа тілге тікелей сәйкестігін тауып аудару қиын, тек кеңейтілген сипаттама арқылы беріліп отырады:

–Шырақтарым – ау, дұрыстап киініп алмаймысыңдар, мұншама жеңіл шыққандарың не?

–Уа, киём, уа, иём, Бұғы ана, аруақты бабам, саған бағыштадым, мынау қара қойды сенің жолыңа құрбан етем.

– Қалқам-ау, саған не болды? – деді ол баланы тоқтатып.

– Ата, атажан, тұршы енді үйге барайық, үйге, – деді бала жалынып. [10,289]

– Астапыралла, не боп қалды, шырақтарым -ау? – деді Момын мен кемпір қосарланып. [10,281]

Д.Исабеков қолданған қаратпа сөздерге көз жүгіртсек:

– О-о, дала деген ғажап қой! Бірақ, Алматыға не жетсін. [17,3]

– Ә-ә, солай ма?! Дегенмен Алматыны, әсіресе оның төңірегін біліп болдым деп айту қиын. Білесіз бе, Алматының өзінен гөрі оның төңірегі сұлу,- деді Тұрғат. [17,6]

– Кешіріңіз... Әлгі... біздің купедегі жігіт бір қағазын тастап кетіпті. Егер оның қайда екенін білсеңіз, айта салғайсыз,- деді жасқана үн қатып. [17,8]

- Қараңызшы, далада қар жауып тұр,- деді әлі опынысы мен екінші арылмаған үнмен. [17,98]

-А-а! Сіз әлгі сөзге тағы бұртиып қалған екенсіз ғой. Онда жеңді аңғармаған екенсіз... [17,100]

Солай ма, қызым-ау, мен оны қайдан білейін!-деді Қаратай селкілдей күліп. [17,101]

Қаратпа сөздердің әуелгі мақсаты тыңдаушының назарын аударту бола тұра, «шырақтарым- ау», қалқам-ау», «Ата, атажан!» деген сөздер басқа сөйлем мүшелерімен тіркесе келе, адамдар арасындағы мейірімділік, сүйіспеншілік сезімдерін үстеп, эмоциялық сипатын ашып тұр. «Уа, киём, уа, иём, Бұғы ана, аруақты бабам» деген тіркестен – ақ ақ көңілмен, шын бейілмен сену, жалбарына көмек сұрау арқылы шексіз құрмет көрініп тұр. Д. Исабекотен келтірілген «О-о, дала деген ғажап қой!», «Ә-ә, солай ма?!» мысалдар әдемі табиғат көрінісіне үстеме экспрессия қосып тұр.

«Кешіріңіз...», «қызым-ау» сөздері жасқану, мойндау сияқты адами қарым -қатынастардың реңкін аша түсетіндей.

Ш.Айтматов та Д.Исабеков те ұлттық лексиканың бейнелік тәсілдерін, оның экспрессивті-стильдік мүмкіндіктерін тиімді орнымен қолдана отырып, сөздің ішкі формасын түсіндіруге тырысады .

Кез келген көркем шығармада сөйлеу этикетінің өзіне тән элементтері болып табылатын үндеусіз жұмыс жасау авторға қиын.

Авторлардың сөздерінде қарапайымдылық та, халық сөзіне жақындық та, эмоция мен экспрессия да бар. Халық сөйлеуіне жақындық автор қолданысында кездесіп қалатын диалект сөздерге байланысты.

Н.М.Шанский Л.Толстой шығармасын талдауда мынадай ой айтады: “В таких случаях у Толстого живая, разговорная речь вливается в словесную ткань художественного произведения в значительно больших размерах, проявляется несравненно более свободно, чем у многих современных ему прозаиков. [10,173] Осындай ғылыми пікірді Д.Исабеков және Ш.Айтматов шығармашылықтары жөнінде де айтуға болар еді. Олардың шығармалары халық тіліндегі кәусар бұлаққа суарылып, оның әдеби деңгейін тереңдете түседі. Қарапайымдылық қарабайырлық емес екенін түсіну керек. Дулат Исабековтің де Ш.Айтматовтың да шығармашылықтарында шығарманың көркемдігін шектен тыс арттыру мақсатында алынған басы артық сөздер, тіркестер байқалмайды. Шұбалаңқы, түсініксіз сөйлемдер кездеспейді. Жып-жинақы, тұнық ойды тереңнен қозғайтын байсалдылық пен ержүректілік, қайсарлық басым.

Автор бейнесін айқындайтын жай сөйлем жолдары жоғарыда атап өткеніміздей интонацияның беретін мағынасымен де тікелей байланысты болады. Баяндаудың ырғағы, интонациясы автордың баяндалып жатқан әрекетке эмоциялық қатынасын білдіреді. Ақыл мен парасатқа бағындырылған табанды ой бар деген тұжырымға толық келе аламыз.

Автордың оқиға туралы өз ойын айтуы есімді баяндауышты сөйлемдермен берілген. Яғни мұның өзі мәтінде шалт іс-әрекеттен гөрі ойға, болмыстың қасиеті мен сипатын айқындап алуға үндейтіндей. Сөйлемнің грамматикалық құрылысының өзі оқиғаның суреттелуіне өзіндік сыр-сипат беріп тұр деп бағалаймыз.

Сөйлемдегі бір сөзді, кейде сөз тіркесін, кейде көмекші сөздердің қайталануы қайталаудың ерекше стильдік қызметіне жатады. Мысалы: «Ай Петри ақиқаты» кітабынан:

Шынымен бе, шынымен бе олардың осы кеткені кеткені ме? Енді олар мына қара шаңыраққа қайтып оралмай ма, бәрі мұны ортаға алып, тұс-тұстан кеп «мамалап» ұмтылмай ма? Мұның енді ешкімге керек болмай қалғаны ма? Расымен бе? Өмір заңы деп айта беретін нәрсе осы ма? [12,6] – деп етістік құрамы -ма?, -ме? -ба? -бе? -па? -пе? сұраулық демеуліктердің қайталануы арқылы жасалған. Сол арқылы жазушы Зейнептің алай-дүлей көңіліндегі арпалысты көрсетіп отыр. Ол өзімен өзі сөйлесіп, ой түбіне түсіп кеткен, өзіне-өзі сұрақ қояды, бірақ ол сұрақтардың жауабы да жоқ, міне, жазушының шеберлігі де сонда. Автор осы баяндауда шынымен бе, шынымен бе, мама, сөздерін бірнеше рет қайталау арқылы экспрессиялық-эмоциялық мағына туғызады.

Ш.Айтматов хикаяларында лиризмнің көркемдік тәсілдері молынан қолданылады. Мысалы, ырғақты прозаны ұйымдастыруға арналған қайталама сөздерді «Қош бол, Гүлсары» повесінен алып қарасақ:

Бірсыпырасы соғыста мерт болды, бірсыпырасы ажалынан кетті, бірсыпырасы қартайып, төрінен көрі жуық боп үңірейіп үйлерінде отыр. [8,6]

Сол баяғы заңғар таулар, сол баяғы саздауыт көкмайса, сол баяғы бір үйір жылқы, сол баяғы қабалалық бие бәрі-бәрі қазір шоқ-шоқ ұшқын шашып көз алдына келе береді. [8,8]

Бірақ қайран алдамшы дүние Гүлсары жақындаған сайын шегіншектей берді, шегіншектей берді, мұнысы азап еді. [8,15]

Ол кезде Шора бүкіл ауылдың бетке шығары, көрікті десең-көрікті, білімді десең – білімді жігіт еді. Шораның болаттай берік болмай, аяушылық таныта бергені үшін жиналыстарда Танабай шыдай алмай орнынан атып-атып тұрып, досын қатты сынға алатын. [8.8]

Бәрі баяғыдай, айнала сол бір заңғар тау, сол бір балауса шөп, сол бір сарқырама су. [8,83]

Шығармадағы бұл қайталау жай бір қайталау ғана емес, авторлардың ішкі ойының көрінісі. Мұндай қайталанатын сөздер басқа әңгімелерде де жиі кездеседі, олар автордың экспрессивтілікті арттырудағы сүйікті көркемдік әдісі.

Мысалы «Құс жолы» хикаятынан:

«Әй, күн, көрдің бе? Көрдің бе менің жұбайымды? Міне, мінекей, көріп қой, көрімдігінді бер, бер сүйіншінді аямай!» - деп айқайлады.

О, айналып садағасы кетейіндерім, сөзімді күнә санамаңдар, кешіріңдер, кешіріңдер сорлы аналарыңды!

«Тізіле отырған қараларыңнан айналайындарым! Әкелеріңдей адам болсаңдар разымын, разымын сонда тағдырыма», - деп тұрдым.

«Апа, соғыс басталыпты!» -деді жайымен. «Соғыс? Соғыс дейсің бе?» - деп бұл сөзді мен бұрын ешуақытта есітпегендей, оның мәнісіне түсінбегендей, тағы да қайталап сұрадым.

Ол болмаса, мүмкін мен әлдеқашан қайратым кеміп, әлдеқашан жасып, әлдеқашан соғыстың ауыртпалығы астында қалатын едім.

Қайран азаматтар, тау құламай неғып тұр, көл таусылмай неғып тұр! Субанқұл мен Қасымым, әкелі балалы екеуі қандай диқан еді! Дүниенің тұтқасы осылар сияқты бейнеткерлер емес пе: елді тойғызған да осылар, жау келгенде қолына қару ұстап, мекенін қорғап, қан төккен де осылар.

Біздің барлық әрекетіміз, үмітіміз, тілегіміз, күткеніміз - ертерек жеңіс келсе екен, ертерек соғыс бітсе екен деген жалғыз ой.[11,11]

Әрбір қайталанған сөз орнында тұр. Тек осылай қайталанған кезде ғана өз мақсатына жетіп, оқырман жүрегінен орын теуіп, көркемдік пен әсерліліктің бояуына қанық суарылғандай болады. Қайталаманың әдеби тіл нормасына қайшы келмей қолданылуы оның стилистикалық нормаға да сәйкестігін көрсетсе керек. Әдеби тілде уәжсіз қайталанатын қайталамалардың екі түрі кездесетіні белгілі. Олар: *тавтология* және *плеоназм*. Жоғарыда келтірілген мысалдарда қолданып отырған қайталамаларды тавтология деп айта алмаймыз. Бұл қайталаулар стильдік қажеттіліктен болған деп пайымдаймыз.

Әдебиет зерттеуші, академик Р.Нұрғалидың әдебиетке 60-70-жылдары келген буын туралы айтқан мынадай бір тамаша сөзі бар: «Балалық, бозбалалық шағы соғыс кездерінің қылышынан қан тамған қаһарлы, жаралы жылдарымен дөп келген ұрпақ өкілдерінен шыққан қаламгерлердің баршасына ортақ қасиеттер бар: ең алдымен бұлардың қай-қайсысы да, өмірдің қара қазанында қайнап піскен, тіршіліктің тас диірменінде тартылған адамдар. Қаламнан өмірге келмеген. Өмірден қаламға келген. Творчестволарындағы басты сипат, басты құнар – өмірдің лебі, тіршіліктің бояуы». Бұл дәл айтылған анықтама екені даусыз, өйткені сол әдебиеттің биік өнер ретінде дәуірлеу кезеңінде соғыстың ауыртпалығын, адамдар тартқан қасіретті көптеген жазушылар тілге тиек етті. Дулат Исабеков те, Шыңғыс Айтматов та зұлмат соғыс кезіндегі ауыл адамдарының тұрмыс тіршілігін жазудан айналып өтпегенін көреміз.

Д.Исабеков те, Ш.Айтматов та – стильдік талғамы жоғары, өмір шындығын қаз-қалпында айнытпай жаза білетін, оны шығармаларында кейіпкерлер сөзімен айтқыза білетін қылқалам шеберлері. Өмір шындығы дегенде нені түсінеміз? Жазушының өзі баяндап отырған заманындағы адамдардың сөйлеу мәдениеті, мимикалық қимылдары, диалектілік немесе кәсіби сөздері, дүниетанымы т.б. Баламен бала болып сөйлесу,

үлкенмен үлкен болып сөйлесу, әсіресе, ауыл адамдарының сөйлеу мәнері, олардың ауыл адамдарының психологиясын жақсы меңгергендігінен көруге болады.

Д.Исабековтің де Ш.Айтматовтың да кез-келген шығармаларындағы кейіпкерлердің бойынан оқырмандар өзін, не ауылының бір адамын танып отырады. Пістекүл, Ботбай, Қарекен қарт, Есіркеп, т.б. кейіпкерлерін кез-келген ауылдан тауып алуға болатынына ешкім де күмән келтірмес. Айтматовтың қарапайым, көнбіс, адал бейнелі Момын ақсақалы, Бекей апай, оспадар Оразқұл, Гүлжамал, Сейдахмет бәрі - бәрі тура оқырманның өз танысындай көрінуі жазушының ауыл адамдарының психологиясын, өмір тіршілігін етене біліп, мінез-құлқы мен сөз саптауына дейін айна қатесіз жеткізе білген шеберлігіне тәнті болмасқа шараң жоқ.

Қорытынды. Қ.Ергөбек: «Дулат Исабеков – мейлі өткен күн тағылымын айтсын, мейлі бүгінгі күн шындығын жазсын, қайда да, қашан да – шынайы суреткер. Айтарын характер арқылы бейнелей айтады, жазарын көркем детальдарды ойната құбылтып ашады, шығарманың көркемдік формасы жұтынып, композициясы дөңгеленіп шып-шымыр шығады» – деп, қаламгер туындыларына тамаша баға берді [15,23]

Ш. Айтматов та, Д.Исабеков те – шығармаларында өз халықтарының кемшілігін көріп, аяусыз сынап алған батыл жазушылар. Ұлттық характерді ашу дегеніміз – сол ұлттың қасіретін, қарекет-тіршілігін, тағдырын бүркелемей сыртқа шығару, яғни экспрессивті – эмоцияналды сөздерді пайдалана отырып, автор бейнесін жасаудағы керемет тілдік оралымдарды жасаған. Авторлар осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өздерінің көркем туындылары арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқан.

Екі жазушының шығармалары да қоғамның өзекті мәселелерін қозғайды, 20-ғасыр адамының дүниетанымы мен психологиясын көрсетеді, жақсылық пен зұлымдықтың мәңгілік мәселелерін, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның қарым-қатынасын экспрессивті – эмоцияналды сөздерді орнымен пайдалана отырып керемет ашып көрсетеді.

Қысқасы, Д.Исабековтің де, Ш. Айтматовтың да шығармалары ауыл адамдарының тыныс-тіршілігін психологиясын беруде экспрессивті – эмоцияналды сөздерді жақсы меңгерген шыншылдығымен, философиялық ой-толғамдарымен, баяндау шеберлілігімен құнды болмақ.

Зерттеу нысанына алынып отырған суреткерлердің адамгершілік-парасаттылық сияқты мәселелерді көтерген шығармаларынан байқалатын басты ерекшелік – адамның ішкі әлемін, рухани сырын айқын аңғарту. Жазушы шығармашылығындағы кейіпкер психологиясының экспрессивті – эмоцияналды сөздермен ашылуы олардың сөйлеген сөздері арқылы, іс-әрекеттері, ішкі монолог, психологиялық диалогтар, ым-ишарат, жест, бет құбылысы, дене қозғалысы, психологиялық пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзіндік таным, түс көру, сандырақтау, күлкі, жылау, сыр ашу және т.б. арқылы жүзеге асып жатады.

Айтылған еңбектердің қайсысы болса да, қарапайым сөздерді шебер қолданудың арқасында ішкі тереңдігімен ерекшелінеді. Сөздердің қайталанып келуі айтылған ойдың ажарын ашып, эмоциялық әсерін арттырады. Эмоцияналдық – экспрессивтік сөздердің қолданылу қызметін саралай келе: оқиғаны көріктендіру; эмоцияналдық - экспрессивтік қуатын арттыру; көркемдік тіл ерекшеліктері; ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталып, талданды.

Кез-келген халықтың ұлылығы – тілінің байлығында. «Тілі байдың – өзі бай» дейді халық даналығы. Сол тіл байлығын әсем әрлеп, маржандай тізіп, әсерлі жеткізе білу, сол халықтың тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын түсінуге ықпал ететін баға жетпес қазына, әдебиет әлеміне қосылған үлес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Виноградов В.В. *Стилистика: Теория поэтической речи. Поэтика.* – Москва: Изд-во АН СССР, 1963. – 52б.
2. Клаус Г. *Сила слова.* – Москва: Прогресс, 1967. – 22б.
3. Эфендиева Т.А. *Лексическая стилистика современного азербайджанского языка.* Автореф. дис. на соискание уч. степ. док. фил. наук. – Баку, 1973. 45б.
4. Галкина-Федерук Е.М. *Об экспрессивности и эмоциональности в языке. Сборник стат.* – Москва: Изд. Московс. университета, 1958. – 26б.
5. *Краткий словарь иностранных слов.* – Москва: 1952. – 46 б.
6. Нұрмұқанов А. М. *Әуезовтің драмалық шығармаларындағы эмоционалды-экспрессивті лексика.* Филол. ғыл. кан. дис. автореф. 10.02.02-қазақ тілі. – Алматы: 2000. – 30 б.
7. Сембаева А.Ұ. *Көркем шығармалардағы эмоционалды-экспрессивті лексика.* Фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы: 2002. – 29 б.
8. Айтматов. Ш. *Ақ кеме. Повестер.* Алматы: Атамұра, 2005- 368 б. 254-255б. 249б.
9. Шалабай Б. *Көркем әдебиет стилистикасы. Оқу құралы.* – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ тіл білімі академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999.-197б.11б.
10. Шанский Н.М. *Лингвистический анализ художественного текста.* – Ленинград: Просвещение, 1990.- 414 б.
11. Айтматов Ш. *Боранды бекет. Роман.Құс жолы. Хикаят.* / Орыс тілінен аударғандар Ш.Мұртаза, Қ.Нұрмаханов. Астана: Аударма, 2011. – 456 б.
12. Исабеков Д. *Ай- Петри ақиқаты: Повестер мен әңгімелер.* Алматы: Жазушы, 1990. – 288 б.
13. Айтматов Ш. *Жәмилә.* – Алматы: Жазушы, 2005. – 2001 аударған Қалжан Нұрмаханов Айтматов Ш. *Ғасырдан да ұзақ күн. Роман, повесть.* Алматы: Атамұра. 2005.- 312 б.
14. Исабеков Д. *2-томдық шығармалар жинағы.* – Алматы: Жазушы, 1993.–397б.
15. Ергәбек Қ. *Ұлтын сүйген жүрек үні.* //Қазақ әдебиеті: 1992, №10.
16. Исабеков Д. *Таңдамалы шығармалар.* – Алматы, 2014, 215 б.
17. Исабеков Д. *Қарғын: роман, повесть, әңгіме.* – Алматы: Жалын, 1980. – 280 б.
18. Айтматов Ш. *Шынарым менің, шырайлым менің», 97 б.*
19. Исабеков Д. *Бонапарттың үйленуі.* – Алматы: Атамұра. – 2002. - 230 б
20. Исабеков Д. *Таңдамалы шығармалар.* – Алматы, 2014, 215 б.
21. Исабеков Д. *Қарғын: роман, повесть, әңгіме.* – Алматы: Жалын, 1980. – 280 б.
22. Бизақов С. *Көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары.* Алматы: Елтаным, 2016. –384 б.
23. Бакашева Ж.К., *«Художественное мастерство Чингиза Айтматова», докторлық диссертация.* – Алматы: 1998.
24. Исаева Ж.К. *«Диалог в произведениях Ч. Айтматова (когнитивный аспект)», кандидаттық жұмыс.* – Астана: 2007.
25. Нұрғали Р. *Әуезов және алаш.* – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.

References:

1. Vinogradov V.V. *Stilistika: Teoriya poeticheskoi rechi. Poetika.* – Moskva: Izd-vo AN SSSR, 1963. – 52b.
2. Klay's G. *Sila slova.* – Moskva: Progress, 1967. – 22b.

3. Efendieva T.A. *Leksicheskaia stilistika sovremennogo azerbaidjanskogo iazyka. Avtoref. dis. na soiskanie ých. step. dok. fil. naýk.* – Baký, 1973. 45b.
4. Galkina-Federyk E.M. *Ob ekspressivnosti i emotsionalnosti v iazyke. Sbornik stat.* – Moskva: Izd. Moskovs. ýniversiteta, 1958. – 26b.
5. *Kratku slovar inostrannyh slov.* – Moskva: 1952. – 46 b.
6. Nurmuqanov A. M. *Áýezovtiń dramalyq shyǵarmalaryndaǵy emotsionaldy-ekspressivti leksika. Filol. ýyl. kan. dis. avtoref. 10.02.02-qazaq tili.* – Almaty: 2000. – 30 b.
7. Sembaeva A.U. *Kórkem shyǵarmalardaǵy emotsionaldy-ekspressivti leksika. Fil. ýyl. kand. diss. avtoref.* – Almaty: 2002. – 29 b.
8. Aitmatov. Sh. *Aq keme. Povester. Almaty: Atamura, 2005- 368 b. 254-255b. 249b.*
9. Shalabay B. *Kórkem ádebiat stilistikasy. Oqý quraly.* – Almaty: Y. Altynsarin atyndaǵy Qazaq til bilimi akademiasynyń Respýblikalyq baspa kabinetini, 1999.-197b.11b.
10. Shansku N.M. *Lingvistichesku analiz hýdojestvennogo teksta.* – Leningrad: Prosve 1990.-414 b.173b.
11. Aitmatov Sh. *Borandy beket. Roman. Qus joly. Hikayat. / Orys tilinen áydarǵandar Sh. Murtaza, Q. Nurmahanov. Astana: Áydarma, 2011. – 456 b.*
12. Isabekov D. *At- Petri aqiqaty: Povester men áńgimeler. Almaty: Jazyshy, 1990. – 288 b.*
13. Aitmatov Sh. *Jámilá. – Almaty: Jazyshy, 2005. – 2001 áydarǵan Qaljan Nurmahanov Aitmatov Sh. Gasyrdan da uzaq kún. Roman, povest. Almaty: Atamura. 2005.- 312 b.*
14. Isabekov D. *2-tomdyq shyǵarmalar jinaǵy. – Almaty: Jazyshy, 1993.-397b.*
15. Ergóbek Q. *Ultyn súngen júrek úni. //Qazaq ádebiati:1992, №10.*
16. Isabekov D. *Tańdamaly shyǵarmalar. – Almaty, 2014, 215 b.*
17. Isabekov D. *Qarǵyn: roman, povest, áńgime. – Almaty: Jalyn, 1980. – 280 b.*
18. Aitmatov Sh. *Shynarym meniń, shyraıym meniń», 97 b.*
19. Isabekov D. *Bonaparttyń úlenyi. – Almaty: Atamura. – 2002. - 230 b*
20. Isabekov D. *Tańdamaly shyǵarmalar. – Almaty, 2014, 215 b.*
21. Isabekov D. *Qarǵyn: roman, povest, áńgime. – Almaty: Jalyn, 1980. – 280 b.*
22. Bızaqov S. *Kóńil kúı lebizderin bildiretin sóz oramdary. Almaty: Eltany, 2016. –384 b.*
23. Bakasheva J.K., *«Hýdojestvennoe masterstvo Chingiza Aitmatova», doktorlyq dissertatsıua. – Almaty: 1998.*
24. Isaeva J.K. *«Dialog v proizvedeniiah Ch. Aitmatova (kognitivnyi aspekt)», kandidattyq jumys. – Astana: 2007.*
25. Nurǵalı R. *Áýezov jáne alash. – Almaty: Sanat, 1997. – 432 b.*